

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АРАЛ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№77 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №77»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО АРАЛЬСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

« 31 » тамыз 2023 жыл

2023-2024 оқу жылындағы
қоғамдық жұмыстар туралы

ПРИКАЗ

№ 50/3

Бұйырамын:

2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие ісіне байланысты қоғамдық инспекторлар мен жетекшілер мына төмендегідей бекітілсін.

1. Тәрбие орынбасары А.Даулетованың басшылық бақылауындағы қоғамдық жұмыстар:
2. "Құқықты оқыту" жетекшісі – Г.Балмағанбетова
3. "Замандас" ұйымы жетекшісі –Б.Әуезов
4. "Жас қорғаушылар" жетекшісі –Ғ.Садуақасова
5. "Полицияның жас көмекшілері" тобының жетекшісі –Н.Молдағалиева
6. "Сенім жәшігі" жетекшісі-А.Сермағанбетова
7. "Сенім телефоны" жетекшісі –Г.Назарова
8. "Әкелер кеңесі" жетекшісі –А.Медеталиев

II. ДТІЖО А.Даулетованың басшылық бақылауындағы қоғамдық жұмыстар:

1. "Қамқоршылық кеңесі" жетекшісі- Г.Назарова
2. "Қыздар" ұйымы төрайымы –А.Абуова
3. "Адал ұрпақ" ерікті оқушылар клубы жетекшісі – С.Тлеумбетова
4. "Адалдық дүкені" жетекшісі тәлімгер- А.Даулетова
5. "Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу" жетекшісі- Г.Балмағанбетова
6. "Әжелер кеңесі" жетекшісі – З.Асауова
7. "Сыбайлас жемқорлықпен күрес" жетекшісі – С.Тлеумбетова

III. Жоғарыдағы қоғамдық жұмыс жетекшілеріне 2023-2024 оқу жылына арнап іс-жоспарын түзу және оқушылар арасынан ұйым құрып тиісті жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізу міндеттелсін.

IV. Осы бұйрыққа басшылық бақылау жасауды өзімде қалдырамын.

Мектеп директоры :



Ж.Казтоғанова



Бекітемін
№77 мектеп директоры : *Жокай* Ж.Казтоганова

№77 орта мектебінің 2023 – 2024 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Орындалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты адамдар
1	Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жылдық жоспар жасап, бекіту	Қыркүйек	А.Даулетова
2	« Құқық бұзушылықтың алдын алу басты мақсат» жиналыс 5-9 сыныптар	Қыркүйек	А.Даулетова Г.Балмағанбетова
3	«Ардың шыңы- ата заң». Кеш 8-9 сынып	Қыркүйек	Г.Балмағанбетова Ж.Қазбағанбетова
4	Мұғалімдер арасында «Жасақшылар тобының» жұмысын бақылау, кезекшілік ұйымдастыру	Апта сайын	А.Даулетова
5	Мектеп бойынша қолайсыз отбасы балаларын анықтау, зерттеу жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	А.Сермағанбетова Г.Назарова Сынып жетекшілер
6	Ауыл учаскелік полиция қызметкерімен кездесу. 5-9- сынып	Токсанына бір рет	А.Даулетова Бекниязов Акбар Сынып жетекшілер
7	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда есепке тұратын оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу, оларға қоғамдық жетекші бекіту	Жыл бойы	Психолог Сынып жетекшілер А.Даулетова
8	«Қылмыс» дегеніміз не? Баяндама	Қазан	Г.Балмағанбетова
9	«Өнеге жолы» тәрбие сағаты	Қараша	Ә.Латипова
10	Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» тақырыбында флешмоб	Қараша	А.Даулетова К.Жидебай
11	« Құқық бұзушылық және заңдық» жауапкершілік	Желтоқсан	Г.Балмағанбетова
12	«Қылмыстық жауапкершілік» тақырыбында дебат өткізу	Қаңтар	Дебат мүшелері Ә.Латипова
13	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі.Дөнгелек үстел	Ақпан	А.Даулетова Г.Балмағанбетова
14	«Сыбайлас жемқорлық- қоғамның өзекті мәселесі»7-9 -сынып	Сәуір	« Адал ұрпақ» клубы
15	«Құқықтық сауаттылық-заман талабы» тақырыбында 8-9 сыныптардан анкета алу анкеталық сұрақтар	Мамыр	Сынып жетекшілер А.Даулетова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары :

А.Даулетова



Бекітемін:

№77 орта мектеп директоры : *Жолау* Ж.Казтоганова

№77 орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында мектепшілік қадағалауды қажет ететін оқушылармен құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу және профилактикалық бірлескен іс – шара жоспары.
(Тәрбие, психолог, әлеуметтік педагог)

р/с	Іс – шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Есепте тұрған оқушылардың жеке деректерін жинақтау. Психологиялық ерекшеліктерін зерттеу	қараша	Сынып жетекшілер А.Сермағанбетова
2	Есепке алынған оқушылармен жеке әңгіме	қараша	Сынып жетекшілер Әлеумет, психолог
3	Оқушының сабаққа қатысуын бақылау	үнемі	Сынып жетекшілер Қоғамдық жетекші
4	Сауалнама, әңгіме жүргізу	желтоқсан	А.Сермағанбетова
5	Ата-анамен жұмыс (кеңес беру)	желтоқсан	Сынып жетекші А.Даулетова А.Сермағанбетова Г.Назарова
6	Тұрмыс ахуалын зерттеу мақсатында үйлеріне бару	қаңтар	Сынып жетекші А.Даулетова А.Сермағанбетова Г.Назарова
7	Спорттық секцияларға, үйірмелерге қатысуын бақылау	үнемі	Қоғамдық жетекші Сынып жетекші
8	Жасөспірімдердің ішімдік пен нашакорлық туралы хабардарлығын және қатынас деңгейін анықтау	қаңтар	«Адал ұрпақ» клубы А.Даулетова
9	Оқушының денсаулығын қадағалау, психологиялық жағдайын бақылау	ақпан	А.Сермағанбетова
10	Сыныптастары мен достарының пікірін сұрау	наурыз	Сынып жетекші
11	Есепке алынған балалардың ата-аналарымен жеке кездесу, сұхбаттасу	сәуір	А.Даулетова А.Сермағанбетова Г.Назарова
12	Жылдық атқарылған жұмыстарды талқылау	мамыр	А.Даулетова Сынып жетекші Қоғамдық жетекші.

Мектеп директорының тәрбие орынбасары :

А.Даулетова

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АРАЛ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
№77 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №77»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО АРАЛЬСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

« 31 » тамыз 2023 жыл

ПРИКАЗ

№ 47/2

Жасөспірімдер арасында құқық
бұзушылықты болдырмау мақсатында
құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың
алдын-алу негізінде Кеңес мүшелерін бекіту туралы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

А.Даулетова – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кеңес төрағасы
Г.Назарова - әлеуметтік педагог, кеңес мүшесі
А.Сермағанбетова – психолог, кеңес мүшесі
Ж.Казбағанбетова – сынып жетекші, кеңес мүшесі
Б.Сермаханова – ата-ана, кеңес мүшесі
Р.Сражадин – 9-сынып оқушысы, кеңес мүшесі

1. Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмаған оқушыларға әлеуметтік педагогикалық көмек көрсетілсін.
2. Әрбір қолайсыз отбасымен оңалту жұмыстары жүргізілсін.
3. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналар мен оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.
4. Бұйрықтың орындалуы мен бақылау мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Даулетоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры:

Ж.Казтоғанова



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 31 тамыз 2023 жыл

№ 50

Суицидтік мінез-құлықтың
алдын-алу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі
№338 бұйрығын басшылыққа алып БҰЙЫРАМЫН:

- Суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу жұмыстары бойынша жұмыс жоспары құрылсын.
- Күйзеліс, үрей, қобалжу деңгейлерін анықтау мақсатында күз және көктем мезгілдерінде жоспар бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, қорытындысы негізінде түзету сабақтары, тренингтер өткізілсін.
- Қауіп тобына анықталған оқушыларды арнайы медициналық мамандарға денсаулығын бақылауға ата-ана келісімімен жіберілсін.
- Сынып жетекшілер сыныптарының жай-күйі, баланың жалпы жағдайы, отбасылық мәселелерін зерттеп, қадағалап отырсын.
- Сынып жетекшілер мінез-құлықты реттеу, қарым-қатынас жасай білу мәселелері бойынша сынып сағаттарында әңгімелесулер, кездесулер жүргізілсін.
- Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері сыныпта жайлы психологиялық қатынас орнатуға жағдай жасасын.
- Педагог қызметкерлер оқушылардың жеке басына, психикасына әсер ететін балағат сөздер айтып, кемсітуге жол берілмесін.
- Жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу үшін жұмыс тобы құрылып, құрамына төмендегі қызметкерлер бекітілсін:
 - А.Даулетова -мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 - А.Сермағанбетова -психолог-мүшесі
 - П.Медеталиев - қосымша білім беру педагогі-мүшесі
 - Г.Назарова- әлеуметтік педагог
 - Ж.Төлеутаева -аяжан-мүшесі
 - С.Тлеумбетова -кәсіподақ төрайымы мұғалім –мүшесі

9. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Ж.Казтоганова



Арал ауданы бойынша білім беру мекемелерінде құқық-бұзушылықтың алдын алу мақсатында
2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында өткізілген іс-шаралар есебі

Мекеме атауы	Өткізілген күні	Қатысқан	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Суреттер	Сілтемелер	Белгіленген хэштег
№77 мектеп	30.11.2023	10	"Өнегелі өмір"	Қысқаша мазмұны Әр жылдары мектебімізді басқарған басшылар мен ұлағатты ұстаздардың еңбек жолдарымен, үлгілі істерімен таныстыра отырып, отбасындағы татулық пен жылулықтың арқасында зорлық-зомбылықсыз өмірді насихаттау.	  	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0MGbANaTS8e4TnUaHhv8V8GumQZkJMh1kQLnYxh2cc37Dn9e9yVErCxxSMiwwMtpel&id=100024459143665&mibextid=Nif5oz	#aralbilim #Қызылордабілім #77ортамектеп #Біртұтастәрбие
№77 мектеп	30.11.2023	16	"Зорлық-зомбылықсыз өмір!"	Отбасындағы зорлық сіздің ғана өміріңізді құртып қоймайтындығын, баланың өміріне де зор қауіп туғызатын қатер екендігін білгізу.		https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yLBSHrEvqNGKkxzAgmnhaiVxKBy8N3yLpuRZkWKWc55YprtCAfY8yRp9wC8UvXLwl&id=100024459143665&mibextid=Nif5oz	#aralbilim #Қызылордабілім #біртұтастәрбие #атаананықолдай #зорлықзомбылық
№77 мектеп	24.11.2023	18	"БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АДАМ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ"	Балаларды зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру		https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid059RVtu2CfLP2a2ex5XXyh41QmKuPpk8Z8JznJn4tvcVTMdjN6FLyHju	#aralbilim #bilinqzo #qyzylorda_bilim

№77 мектеп	15.11.2023	26	"Қатыгездіксіз және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ"	мақсатында 7-9- сынып оқушылары арасында "Құқықтық сабақтары-өмір сабақтары" тақырында пікірталас өткізілді.		99bc1i3Jwl&id=100024459143665&mibextid=Nif5oz	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0jpbghhH3NdACv2dcfa3gmUNC3GHZRxoCKvjRLQpe6EPNGG6JmZuA7VwgD4scNVm29l&id=100024459143665&mibextid=Nif5oz	#aralbilim #Қызылордабілім #Біртұтастарбие #Жасұлан #адалұрпақ
---------------	------------	----	---	--	--	---	---	--

Хаттама №1

«7» қыркүйек 2023 жыл

Тақырыбы : «Кәмелетке толмағандармен мен және оларға қарсы жасалған қылмыстардың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін сақтау және топтық төбелестің алдын алу» тақырыбындағы ата-аналар жиналысы.

Қатысқандар: Мектеп директоры- Ж.Казтоганова

Директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- А.Даулетова
Мектептің психолог маманы – А.Сермағанетова

Тыңдалды: Мектеп директоры- Ж.Казтоганова: Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетсем. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 7 адам бар. Кеңес төрайымы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған. Сонымен қатар 8-9-сынып оқушылары мен ата-аналар комитетінің 1 мүшесі бар. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу және де құқық бұзушылықпен күресуде көмек көрсету мақсатында мектебімізде «Полицияның көмекшілері» құрылды. Мектепте наркологиялық бекет жұмыс істейді. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде спорттық үйірмелер жұмыс істеп, оған 25 оқушы тартылып отыр.

№77 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-А.Даулетова Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – қоғамдағы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Осыған байланысты бүгін мен ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Баланың құқықтары туралы заңына тоқталып өтсем деймін. Бұл заң 10 тарау 53 баптан тұрады. Осы Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. «Құқық және біз» үйірмесінің жетекшісі Балмағанетова Гүлнар: Бұл заңның 3-тарауы. БАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 8-бап. Баланың денсаулық сақтауға құқығы 9-бап. Баланың даралық ерекшелікке және оны сақтауға құқылы. 10-бап. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-

қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы 11-бап. Баланың сөз және ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, қоғамдық өмірге араласуға құқығы

12-бап. Баланың қажетті тұрмыс деңгейіне құқығы

13-бап. Баланың мүлдіктік құқықтары

14-бап. Баланың тұрғын үйге құқығы

14-1-бап. Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйін сақтауды қамтамасыз ету.

15-бап. Баланың білім алуға құқығы

16-бап. Баланың еңбек бостандығына құқығы

16-1-бап. Баланың экономикалық қанаудан қорғалу құқығы

17-бап. Баланың мемлекеттік көмекке құқығы

18-бап. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу

19-бап. Баланың дем алуға және бос уақытын пайдалануға құқығы

20-бап. Баланың міндеттері

Әрбір бала Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандығын, ар-ожданы мен қадір-қасиетін, Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге, еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға, тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қам-қарекет жасауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға, табиғатты сақтауға және табиғи байлықтарға ұқыпты қарауға міндетті.

Жиналыс төрағасы:

Ж.Казтоганова

Хаттамалаған:

_____ А.Даулетова

**№77 орта мектебі бойынша жоғары сыныптар арасында
өткізілген «Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні»
тақырыбындағы кезекті жиналыстың**

№ 2 х а т т а м а с ы

06 қазан 2023 жыл

Қатысқаны: 5-9- сынып оқушылары, сынып жетекшілері, ата-аналары,
мектеп директорының орынбасарлары, мектеп психологі, медбике, тәлімгер

Күн тәртібінде

1. «Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні»
2. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасры А.Даулетова: Құқық бұзушылық — қоғамдық қауіпті (зиянды) сипаты бар, өз істеріне өз бетінше жауап беруге қабілетті тұлға жасаған кінәлі құқыққа қайшы іс-әрекет. Барлық құқық бұзушылықты екі топқа бөлу қабылданған – қылмыс және теріс қылық. Оларды бөлудің басты критерийлері, біріншіден, қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі, екіншіден, субъективті фактор, бұл шешуші шамада құқыққа қайшылық ретінде сол немесе басқа іс-әрекетті мойындауға әсер етеді. Қоғамдық зияндылықтың сипаты мен дәрежесі нысан құндылығымен, құқыққа қайшы қастандықпен, жағдаймен, уақытпен, (зорлық немесе зорлық емес) тәсілдермен, өлшеммен және келтірілетін зиян сипатымен және т.б. анықталады.

Теріс қылықтар – бұл, қылмыстармен салыстырғанда қоғамдық қауіптің аз дәрежесімен сипатталатын құқық бұзушылық, ол қоғамдағы құқықтық тәртіптің жеке жақтарына қастандық жасайды. Теріс қылықты құқық салаларында қолданарлық түрде, сондай-ақ олар теріс қылық енгізетін қарым-қатынас түрлері бойынша және солар үшін қолданылатын жаза түрлеріне қарай топтауға болады.

Тәртіптік теріс қылық – қызметтік қарым-қатынастар аумағында жасалатын құқық бұзушылық және ол ең алдымен қызмет бойынша бағынушылық қатынастың тәртібін бұзады. Тәртіптік теріс қылық адамдардың (жұмысшылардың, қызметкерлердің, оқушылардың және т.б.) белгілі ұжымдарының қызмет тәртібіне қастандық жасайды, ол еңбек, қызмет немесе оқу тәртібін әлсіретеді де, тәртіптік теріс қылықты тудырады. Сонымен, мысалы, Еңбек туралы заңдар кодексі ескерту, сөгіс, белгілі бір мерзімге төмен жалақылы жұмысқа ауыстыру немесе төменгі лауазымға түсіру, жұмыстан босату сияқты тәртіптік жазалар қарастырылған. Тәртіптік жазаларды кәсіпорын, мекеме, ұйым теріс қылық шыққан күннен бастап бір айдан кеш қалмай және оны жасаған күннен бастап алты айдан кеш қалмай салады. Тәртіптік жазаның мерзімі – бір жыл.

Шығып сөйлеушілер А.Сермағанбетова- мектеп психологі: Қылмыстар дегеніміз — қоғамдық қауіпті, қылмыстық заңдармен тыйым салынған, адамгершілік тұрғыдан сотталатын, айыпты деп табылған, жазаланатын, мемлекеттік конституциялық құрылысына, оның саяси және экономикалық жүйесіне, азаматтардың құқықтары мен бостандық меншігінің бекітілген түрлеріне қастандық келтіретін немесе құқықтық тәртіпті бұзатын, сондай-ақ, мемлекеттің, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер. Қылмыстық әділ соттың мақсаты қоғамды тұтастай қорғау болып табылады. Сондықтан, қылмыстық сотқа жататын кез келген іс-әрекет қоғамдық қауіпті деп саналады. Қылмыстың теріс қылықтардан айырмасы — қоғамдық қауіптің жоғарғы дәрежесі және жеке тұлғаға, мемлекетке, қоғамға анағұрлым ауыр зиян келтіреді. Қылмыстар мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың негіздеріне, азаматтардың жеке меншігіне, жеке басына және

құқығына, қарулы күштер қауіпсіздігіне қастандық жасайды, әрі қылмыстық жаза шараларын қолдануға алып келеді. Қылмыстық жаза қылмыс жасағаны үшін ғана емес, қылмыстық қастандығы, соған дайындалғаны, бірге қатысқаны, ал кейбір құрамдар бойынша – қылмысты жасырғаны және ол туралы хабарламағаны үшін де қолданылады. Тек сот қана, бекітілген іс жүргізу тәртібімен, қылмыс жасағаны бойынша айыпты деп санап, жаза белгілей алады.

Қаулы етеді

- Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында атқарылған іс-шара жұмыстары жандандырылсын.
- Құқық бұзушылықты алдын алу жөніндегі барлық ескертулер мен хабарламалар ескерілсін

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



А.Даулетова

Г.Назарова

Хаттама №3

2023 жылдың қазан айының 23- де жоғары сынып оқушылары арасында кеңес мүшелерінің қатысуымен профилактикалық кеңес өтілді.

Күн тәртібінде:

1. «Қылмыс жасау білместік пе?» тақырыбында профилактикалық кеңес өткізу

Хабарламашы: А.Даулетова– тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Біздің бұл шараны өткізудегі мақсатымыз, жас ұрпаққа ата-бабаларымыздың ерекше қастерлеген қасиеті, әділдік принципінің бұзылмауын, қара қылды қас жарған турашыл адамның қай адамнан да жоғары, биік тұратындығын түсіндіру. Кез-келген заң бұзушылық мінез-құлық қоршаған ортаға, қоғамға белгілі бір мөлшерде қауіп әкеледі. Ал, қылмыс дегеніміз – қоғам үшін ерекше қауіпті құбылыс. Жасаған қылмыс үшін ең алдымен қылмыскердің құрбаны зардап шегеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті құқықтық білім беруді ұйымдастыру жөніндегі қаулысы қабылданған болатын. Онда мынадай үш мақсат алға қойылған:

1) адамның жоғарғы азаматтығын, оның жалпы құқықтық мәдениетін және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру;

2) тандап алынған еңбек әрекетіне дайындық процесінде жастардың арнаулы құқықтық білім алуын қамтамасыз ету;

3) қылмыстық әрекеттің алдын алу мәселесін шешу.

Тыңдалды: Бекниязов А – ауыл инспекторы

Қоғам талабы заман талабы, себебі әр адам өз заманының баласы. Біз құқықтық мемлекет орнықтыруды мақсат етіп отырған мемлекетпіз. Барлық адам заң алдында бірдей, барлық адам заңға бағынуға тиіс. Жалпы құқық дегеніміз не? Құқық дегеніміз – бұл мемлекет бекіткен және рұқсат еткен жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Құқық бұл біздің қалауымыз. Мысалы, сенің оқығың келе ме? Осыған сәйкес құқық бар. Бірақ біздің барлық қалауымыз құқық бола бермейді, құқық деп аталу үшін біздің қалауымыз ақылға сыйымды болу керек., ол басқалардың қалауына қарсы келмеу керек.

«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі С.Тлеумбетова :

Қылмыс әдейі, қасақана немесе байқаусызда жасалуы мүмкін. Әдейі жасалған қылмыс тікелей немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті екенін біле тұрса да, қасақана қылмысқа барса, бұл ойланып, саналы түрде, әдейі жасалған қылмыс болып саналады. Кейбір қылмыстар салақтықтан, дүниеге қоршаған ортаға қалай болса солай, мән бермей қараушылықтан да туады. Адамдар әрқашан да өзіне, басқаға да абаймен, адамгершілік парасатпен қараса, қылмыстың да болмауы мүмкін. Қалай десек те өз ісінің басқаға зардабын тигізбеуді ойлау әркімнің азаматтық, адамдық борышы болуы тиіс.


«Жасөспірім және заң» үйірмесінің жетекшісі Г.Балмағанбетова:

Азаматтарымыздың басым көпшілігі дұрыс өмір сүреді, балаларын жақсы тәрбиелейді, өзіне және қоғамға пайдасын тиізіп, еңбек етеді, білімдерін көтереді. Қазіргі әрбір бесінші адам жасаған ұрлығы үшін сотталуда, ол қылмыстың ең көп тараған түрі. Түрме оларға қандай сабақ бола алады? Мұндай каталдықтан мемлекет немесе қоғамымыз не ұтады?

Міне, балалар, біз бүгін дебат түрінде өткізген кеңесімізде өзіміздің құқықтық біліміміздің қаншалықты деңгейде екендігін көрсете білдік. Болашақта заңгер болмасақ та, қарапайым азамат ретінде өз құқықтық білімімізді жетілдіріп отыруымыз керек. Болашақ құқықтық Қазақстан Республикасының тағдыры өз қолдарыңда.

Қаулы:

Жасөспірімдер бойында жауаптылық көзқарасын қалыптастыру және де оларды идеялық нанымға тәрбиелеу қолға алынсын.

Жиналыс төрайымы:  А.Даулетова
Жиналыс хатшысы:  Г.Құлтасова

№77 орта мектебі бойынша білім беру мекемелерінде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 2023 жылдың қараша айында өткізілген іс-шаралар есебі

Р/С	Мекеме атауы	Өткізілген күні	Қатысқан саны	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Әлеуметтік желіде жариялау		
						Суреттер	Сілтемелер	Белгіленген хәштег
1	№77 орта мектеп	22.11.2023ж	27	«Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет»	Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу және өз ойларын еркін айтуға үйрете отырып оқушыларға сұрақ-жауап арқылы пікірталас өткізілді.			

